



Қашықтықтан оқыту 9-сынып қазақ тілі
Практика түрі: Мектептегі байқау практикасы
Сабақ тақырыбы: Болашақтың энергиясы

Практикант: Мұқажан Мақпал

Жетекші: Асенова Ж.М

Топ: 431

Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық ахуал орнату.
Оқушылармен амандасып, сыныпты түгендеймін.

Топқа бөлу



Үй тапсырмасын сұрау: 7-тапсырма. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

Дескриптор:

- Қазақстанның астаналары туралы ізденіп, құрмалас сөйлемдерді қатыстырып, салыстырмалы эссе жазады
- Нұр-Сұлтан қаласы туралы білетін ақпараттарыңды қорытындылайды

АСТАНА ЭКСПО 2017

1-тапсырма. Топтық жұмыс

1-топ Халықаралық ЭКСПО көрмелерінің өткізілуі жөнінде қандай мәліметтер білесіңдер?
хронологиялық кестеге түсіріңдер

2-топ Мәтінді түсініп оқыңдар. Ондағы деректерді дәлел ретінде қолданып, «ЭКСПО» көрмесін сипаттаңдар. «Кластер» әдісімен көрсетіндер

Дескриптор:

- Халықаралық ЭКСПО туралы мәлімет алады
- ЭКСПО-2017 көрмесін сипаттап береді
- Өздерінің білетін, естіген ақпараттарымен пікір алмасып топта талқылайды.

Көп жылғы тарихы бар «ЭКСПО» көрмесі техникалық және технологиялық жетістіктерді, сондай-ақ оған мүше елдердің тарихын, дәстүрі мен мәдениетін көрсету үшін өткізіледі.

Бұл көрме бүкіл әлемдік қоғамдастықтың және оны тамашалаушы миллиондаған адамның назарын өзіне аударатын ірі оқиға болып саналады.

Сонымен қатар, «ЭКСПО» көрмесі экономикалық, әлеуметтік, мәдени дамудың жаңа үрдістерін қалыптастыру алаңы қызметін атқарады.

Ең алғашқы ЭКСПО Англияның принці Альберттің ұсынысы бойынша 1851 жылы Гайдпаркте өткен болатын. Хрустальды сарайда орын алған ЭКСПО-ның тақырыбы: «Барлық ұлттардың өнеркәсіптік жұмыстарының ұлы көрмесі» болып аталды. Сенсеңіздер, дәл сол көрмеден кейін халықаралық аренада дизайн мектептері, туризм саласы және өндіріс өнері пайда болды. Осы көрме халықаралық сауданың жандануына септігін тигізді. Одан кейін 1855, 1878 жылдары Парижде, 1939 жылы Нью-Йоркте, 1985 жылы Цукуба — Жапонияда, 1992 жылы Севилья — Италияда, 1998 жылы Лиссабон — Португалияда, 2000 жылы Шанхай — Қытайда ЭКСПО халықаралық көрмелері болып өткен.

Астанадағы өтетін ЭКСПО-ның тақырыбы: «Болашақ энергиясы» болмақ. Көрмеге қатысушы мемлекеттер өздерінің энергия саласындағы техникалық жетістіктерімен барша жұртты тәнті етеді. Әсіресе, қазіргі таңда сұранысқа ие балама энергия көздерін алу мақсатындағы құрылғылармен таныстырады. Сарқылмайтын энергия көздеріне жататын: күн сәулесі, жел, жер асты сулары арқылы энергия алу болашақта адамзатқа қажетті ресурс түрі. Осыдан, көрменің тақырыбы көпшіліктің қызығушылықтарын тудырары анық екені білінеді.



«ЭКСПО-2017» көрмесі

«ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесін Астанада өткізу – Қазақстанның негізгі ірі жобаларының бірі. Мұндай ауқымды шараны еліміздің астанасында ұйымдастыру туралы бастама Мемлекет басшысына тиесілі.

2011 жылғы 10 маусымда Париждегі Халықаралық көрмелер бюросының Бас хатшысы Винсенте Гонсалес Лоссерталеске ресми түрде Қазақстан Республикасының өтінімі тапсырылды. 2012 жылғы 12 маусымда осы ұйымның Бас Ассамблеясының 151-отырысында Астананың ресми презентациясы болып өтті. Жиынның басында делегаттарға Қазақстан Президентінің арнайы бейнеүндеуі жолданды. Елбасы өз сөзінде жобаның табысты жүзеге асырылуы үшін бар күш-жігерін жұмсайтынына кепілдік берді.

Астана ұсынған көрменің тақырыбы «Болашақтың энергиясы» деп аталды, ол баламалы энергия көздеріне және «жасыл» технологияға арналды.

2012 жылғы 22 қарашада ХКБ-ге мүше 161 елдің өкілдерінің жасырын дауыс беру барысында Астана жеңіске жетіп, «ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесі өтетін орын ретінде таңдалды. Астананың өтінімін 103 ел қолдады. «ЭКСПО-2017» ТМД елдерінде өтетін алғашқы көрме болды.

Астанадағы бүкіләлемдік көрме 3 айға дейін жалғасты. Оған әлемнің 100-ге жуық елі және 10 халықаралық ұйым қатысты.

2014 жылғы сәуірде Президент «ЭКСПО-2017» көрме кешені құрылысын бастап берді. Кешен құрамында 4 мың пәтер, жаңа мейманхана, Конгресс-холл және университеттен орталыққа дейін ұласатын жабық қала салынды. Көрме аймағында ұлттық, тақырыптық павильондар, ойын-сауық және

2-тапсырма.

1-топ Оқылым мәтінінен абзац пен бөлікке бөліп, бірнеше жай сөйлеммен құрмалас сөйлемді анықтап жазып, ерекшеліктерін түсіндіріңдер. Синтаксистік талдау жасау

Жай сөйлем	Құрмалас сөйлем	Ерекшеліктері

2-топ Оқылым материалы бойынша автордың негізгі ойын сақтай отырып, перифраз тәсілдері арқылы тезис жазыңдар

Перифраз (гр. periphrasis — айналым) — құбылыстар мен заттардың атын атап, түсін түстемей, айрықша белгі-қасиеттеріне негіздей отырып ауыстыру тәсілі. Перифраз мәтіннің идеялық-эстетикалық және көркемдік байлығын арттырады. Мағыналық реңк пен оның әсерін күшейтеді. Мысалы, орман патшасы (арыстан дегеннің орнына), дала кемесі (комбайн), қара алтын (көмір), пәниден бақи кетті, аққу ұшып көлге кетті (өмірден өтті), т.б.

3-тапсырма. «Артық болмас білгенің» айдары мен берілген деректерден құрмалас сөйлемнің түрлеріне мысалдар келтіріп жазыңдар. «ЭСҚПО-ны, Елизаветаның бабасы ойлап тапқан» мәтіні

Дескриптор:

- берілген мәтіннен құрмалас сөйлем түрлеріне мысал жазады
-грамматикалық талдау жасайды

4-тапсырма. Екі топқа бөлініп, тапсырмаларды орындаңдар.

1-топ. **«Постер»әдісі.** Оқылым мәтіні негізінде «ЭСҚПО-2017 көрмесі – тұрақты дамудың биік үлгісі» тақырыбында постер қорғаңдар.

2-топ. «Болашақтың энергиясы» тақырыбында жинақы мәтін жазып, жұптарыңның жұмысымен салыстырыңдар. Түзетулер енгізіп, қайта редакциялаңдар

ОҚУШЫЛАРДЫ БАҒАЛАУ.

Р/с	Оқушының аты – жөні	Үй тапсырмасы	Жаңа тақырыпты меңгеруі	Сабак барысындағы белсенділігі /топтық жұмыста/	Қорытынды (балл)
1					
2					
3					
4					
5					
6					
7					
8					
9					
10					
11					
12					
13					

Кері байланыс

«Алақан»

Сол қолын қағазға бастырып, саусақтардың ішіне жазу керек:

Бас бармаққа - не ұнағаны

Сұқ саусаққа - өзіме не алдым


Орт анғы саусаққа - не кедергі болды

Ат ы жоқ саусаққа - т ағы не білгім келеді

Шынашаққа - т ілек жазу.

Болған соң қайшымен қиып, т ақт аға ілу



The background features a stack of three closed books in red, purple, and blue covers. In the foreground, an open book with a brown cover is shown, with its pages slightly curved. The entire scene is set against a white background with green geometric shapes on the right side.

Үйге тапсырма: 7-тапсырма. «Терминдер арқылы болжау» әдісімен «ЭКСПО-2017» көрмесіне қатысты мәліметтерді сипаттап, әңгіме құрастырыңдар. 1-қадам: тақырыпқа қатысты 4–5 сөз таңдап алу; 2-қадам: сол сөздерді қатыстырып, әңгіме құрастыру.